

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ-нің
«Жем қаласының №5 жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ
БҰЙРЫҚ



«Управление образования Актюбинской
области Мугалжарский районный отдел
образования» ГУ «Общеобразовательная
средняя школа №5 города Жем» КГУ
ПРИКАЗ

Жем қаласы Бейбітшілік көшесі 7 құр-с
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru

г. Жем ул. Бейбитшилик 7 стр-е
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru

« 09 » 10 2023 ж.

№ 65

« 09 » 10 2023 г

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы


«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023
жылы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес

Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Бозназарова бекітілсін;
3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы қосымша білім беру педагогы А.М.Хайруллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенова, 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін;
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын;
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.
6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау А.К.Кадыржанға жүктелсін;
7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.
 - 7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жеңгелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін;
 - 7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі Г.Т.Касымова бекітілсін;
 - 7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Бозназарова жүктелсін.



А.А.Жакасов

Бекітемін: 

Мектеп директоры: А.А.Жакасов



Жем қаласының №5 ЖББ орта мектебі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

- ✓ балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- ✓ балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- ✓ балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

№	Тақырыбы	уақыты	жауапты
1-4 СЫНЫП АТА-АНАЛАРЫНА			
1	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	қазан	Туракова Н.Р
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	қараша	Джипзакова Н.Т
3	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	Желтоқсан	Балгарина М.Т
4	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	Қаңтар	Мухамбедиярова Б.И
5	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	Ақпан	Туракова Н.Р
6	Сенім арту - жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	Наурыз	Джанзакова Н.Т
7	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету	сәуір	Балгарина М.Т
8	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	мамыр	Мухамбедиярова Б.И
5-9 СЫНЫП АТА-АНАЛАРЫНА			
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана.Позитивті тәрбие	қазан	Тұрақ Е.Р
2	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	қараша	Босназарова Г.Б
3	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	Желтоқсан	Мамытова Б.С

	Бала жүрегіне жол табу		
4	Бұлақ көрсен, көзін аш. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту	Қаңтар	Хайруллина А.М
5	Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	Ақпан	Касымова Г.Т
6	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	Наурыз	Тұрақ Е.Р Абдыкалыков Н.А
7	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	сәуір	Мамытгова Б.С Хайруллина А.М
8	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына Құндылықтар - отбасы бақытының негізі	мамыр	Босназарова Г.Б Касымова Г.Т
10-11 СЫНЫП АТА-АНАЛАРЫНА			
1	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	қазан	Сырымов С.Ж
2	Көркем мінез – баға жетпес байлық Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі	қараша	Сарсенова В.А
3	Сен жанбасаң лапылдап... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	Желтоқсан	Сақтапберген Н.Е Сырымов С.Ж
4	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	Қаңтар	Карагулова А.Д Утаралинов А.У
5	Жақсыдан қашпа, жаманға баспа... Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі	Ақпан	Қаратай Ж.К Касымова Г.Т
6	Күйзелістен шығар жол Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	Наурыз	Кудайбергенова Э.Н Босназарова Г.Б
7	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті Махаббат татулықтың негізі	сәуір	Бисенова Г.У Сарсенова В.А
8	Атадан өсиет, анадан қасиет Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	мамыр	Дүйсенова А.К Абдыкалыков Н.А

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің “Даналық мектебі” клубы жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы
Клуб қызметінің мақсаты- аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың мідеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетінің дамыту жөніндегі жұмысқа тарту
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға көмектесу
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	түрі	мерзімі	жауапты
1	“Отбасы -бақыт бесігі”	Ата-аналар	жиналыс	қыркүйек	Г.Б.Босназарова Сынып жетекшілер
2	“Отбасы -бақыт мекені”	оқушылар	Тәрбие сағаттар	қыркүйек	“Аналар мектебі” жетекшісі Г.Т.Касымова Сынып жетекшілер
3	1. “Армысың ардагерлерім” 2. “Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі”	Қарияларға құрмет 7-8 сынып қыз балалары	Акция өткізу	қазан	Әкелер мектебі Аналар мектебі
4	“Баланың бас -ұстазы ата-ана”	Ата-аналар	жиналыс	қараша	Аналар мектебі Сынып жетекшілер
5	“Әкеге ізет-анаға құрмет”	8-10 сынып оқушылары	байқау	желтоқсан	Әкелер, аналар мектебі
6	“Ақылынды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу”	Ата-аналар 5-9 сынып	жиналыс	қаңтар	Аналар мектебі сынып жетекшілер
7	“Қазақтың ұлттық ойындары”	7 сынып	Сынып сағаты	ақпан	Аналар мектебі
8	“Мерген ана”	аналар	отырыс	наурыз	Әкелер мектебі
9	“Ер жігітке жарасар, салауатты бейнесі”	9 сынып	Сынып сағаты	сәуір	әкелер мектебі
10	Ұранды елдің ұрпағы қайсар	11 сынып	Түсіндір ме жұмыс	мамыр	әкелер мектебі

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінде “ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталығы жанынан құрылған “Даналық мектебі” клубының ашылуы

Тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру ұйымдарына қыркүйек айынан бастап “Біртұтас тәрбие бағдарламасын” енгізген болатын. “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” негізінде Республика бойынша білім беру ұйымдарында “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын” ашу керектігі айтылды.

Мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Негізгі міндеттің қатарында білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу және дамытудағы өзара іс-қимыл нығайту, отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру қарастырылады.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлестіру үшін жұмыс тобы құрылып, “Даналық мектебі” клубы құрылды.

Клуб “Ұлағатты әкелер”, “Ұлағатты аналар” 2 секция бойынша жұмысын жүргізуде. “Даналық мектебі” кабинеті ашылып, ұлттық құндылықтарға негізделіп отырып жасақталып, ата-аналармен жоспар бойынша барлық іс-шара кабинетте өткізілуде.



https://www.instagram.com/reel/C1JgN_ogtDD/?igsh=NmR4cmR0bWdkcmNs

ДТДЖО:  Г.Б.Босназарова
Даналық мектебі жетекшісі:  Г.Т.Касымова

“Даналық мектебі” клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес “Ата өсиеті”,

“Әже даналығы” “Ана ақылы”, “Әке қамқорлығы” секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған.

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың 4 секциясын ашу ұсынылады: “Ата өсиеті”, “Әже даналығы” “Ана ақылы”, “Әке қамқорлығы”. Алайда бұл жұмыс ресурстардың жинақталуын, аға буындардың бастамашыл және ресурстық өкілдерін іріктеу, қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға қарай жоспарлы, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.